



ПРИКАЗ

№ 334-А

город Кокшетау

БҮЙРЫҚ

2023 29.08

Кокшетау қаласы

Ақша және өзге де қаражат
жинауға тыным салу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес, мемлекеттік білім беру ұйымдарының Ақмола облысы білім беру ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік тегін білім беруі бөлігінде нормаларды орындау мақсатында жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі ведомстволық кешенді іс-шаралар жоспарына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Аудандардың (қалалардың) білім бөлімдерінің, ведомствоға бағынысты білім беру ұйымдарының басшылары:
- педагогтердің білім беру процесіне қатысушылардан жөндю жұмыстарын жүргізуге және түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға қаржы және өзге де қаражат жинау фактілеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдасын;
- педагогтердің білім беру процесіне қатысушылардан қаржы және өзге де қаражат жинау фактілері анықталған жағдайда оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдай отырып, Педагогикалық әдеп жөніндегі кенесте қарастырасын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауы өзiме қалдырамын.

Басшының міндетін атқарушы

В. Тамазов

